

**Буын**— бір сүйекпен екінші сүйекті жалғастыратын аралық. Сүйектер бір-бірімен кірігіп немесе қозғалмалы болып жалғасады. Тірі организмдерде Буын 3 түрлі рөл атқарады: дене қалпының сақталуына жәрдемдеседі; дене бөліктерінің өзара орын ауыстыруына қатысады; дененің кеңістіктегі орын алмастыру (ЛОКОМОЦИЯ) мүшесі болып табылады. Әрбір буында буындасатын сүйектердің буын беттері; буын қылшықтары және буын қуыстары болады. Буын қапшықтарын 2 қабат қоршап тұрады. Оның ішкі қабатынан буын сары суы бөлініп шығады да, ол Буын аралығын сылап, қозғалуын жеңілдетеді.

Буын қапшығының сыртында болатын сіңірлер сүйектерді берік жалғастырып тұрады әрі мүшені белгілі бір бағытпен қозғалтады. Пішіні жағынан Буын беттерін геометриялық айналу денелері ретінде (мысалы, бір осьті айнала қозғалатын цилиндр, екі осьті эллипс, үш және одан көп осьті айнала қозғалатын шар) қарастыруға болады. Осының нәтижесінде осьтер арқылы Буындарда көптеген қозғалыс түрлері орындалады. Мысалы, бүгілу, жазылу, жақындату, қашықтату, айналу, т.б. Адам денесіндегі Буынды және буын ауруларын зерттейтін медицина салаларын артрология, синдесмология деп атайды

Адам денесінде 230 ден астам буындар бар. Буын дегеніміз сүйектердің қозғалмалы байланысатын жері. Әрбір буынның сырты тығыз дәнекер ұлпадан түзілген қабықпен қапталған. Оны буын қапшығы дейді. Буын қапшығының буын сұйықтығы бөлінеді. Сұйық үйкелісті кемітіп, сүйектердің буын ойығында еркін қозғалуына мүмкіндік береді. Буында буын беті, буын қуысы, буын сұйықтығы және буын қапшығы болады. Сүйектің бір-бірімен байланысатын шеті жылтыр, тегіс шеміршекпен қапталған. Қозғалу кезінде шеміршек үйкелісті азайтып, оқыс соққыны әлсіретеді.

Иық буыны Жауырынның буындық ойығы нәрестелерде жазық, сопақ, буындық еріндер жоғары емес. Буын капсуласы тартылған және қысқа жақсы дамыған құстұмсық-иық байламымен бітіскен. Біріншілік балалықшақ кезеңінде ойық ересектердегідей қалыпқа келеді. Буын капсуласы біраз босап, құстұмсық-иық байламы ұзарады. Ақпарат көзі: <http://kazmedic.kz/archives/1614> Материал көшіргенде, KazMedic.kz сайтына сілтеме міндетті

Қорытынды ретінде айта кетсек, Жаңа туған нәрестенің буындық капсулалары қатты тартылған, байламдардың көпшілігі оларды құрайтын борпылдақ орналасқан талшықтардың жеткіліксіз дифференцировкасымен ерекшеленеді. Буындардың неғұрлым ұдайы дамуы 2-3 жас арлығында баланың қозғалыс белсенділігінің артуына байланысты байқалады. 3-8 жас аралығындағы балаларда барлық буындардағы керілісі көбейеді, буын капсуласының, байламдардың коллагенизация үрдісі жылдамдайды. 9 және 12-14 жас аралығында буын сіңірлерінің қайта дамуы ақырындайды. Буын беткейлерінің, капсуланың және байламдардың қалыптасуы негізінен 13-16 жас аралығында аяқталады.